| | Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>Тазалықтың досы<br>Су дегенің осы.<br>""Үнемді тұтыну"": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.<br>Балаларға тамақ ұнайды,<br>Балалар ешқайда асықпайды,<br>Бір жапырақ нанды<br>Үгітпей жейді,<br>""Рақмет"" дейді. (Д. Ахметова)<br>Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Бозінген" - Сүгір (орындаған Жанғали Жүзбай) https://kitap.kz/music/2/zhangali-zhuzbaydyng-shertken-kuyleri<br>«Өнегелі тәрбие»: Табиғат және қоршаған әлем. Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат». Мақсаты: қоршаған заттарды күту, табиғатты аялау үлгілерін көрсету. | | | | |
| | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты | Пішінсалғыш ойыншықпен ойын. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға пішіндерді өзіне сәйкес келетін ұяшыққа дұрыс салуды | Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың шығарманы суретке қарап, көркем сөзді тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған | "Ғажайып дорба" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, | «Қазан» қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға, ойын ережесін сақтауға ынталандыру, бірлесіп ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әуенжазбасын қосу.<br>Қош келдің, Алтын күз!<br>Алтын жапырақты күз!<br>Біздің қолдарымыз жапырақтардай.<br>Қолдарымызбен ойнаймыз былай, былай.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | үйрету; олардың пішіні түсі, көлемі туралы айтқызу; ойлау, зейін, сөйлеу, еске сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Педагог ортаға пішінсалғыш ойыншығын қояды. Оның ұяшықтарының пішіндері туралы айтады. Ойыншықтың ішінде жатқан әртүрлі пішіндерді шығарады. Балаларға осы пішіндерді түсі мен көлемі өзіне сәйкес келетін ұяшыққа салу керектігін түсіндіреді.<br>Пішіндерді жинайық,<br>Ұяшыққа салайық!<br>Балалар ойын ойнауды бастайды. Педагог балаларға пішіндердің түсі, көлемі туралы сұрақтар қойып отырады. Балаларды мақтайды, қолдау көрсетеді. | кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>Қадыр Мырза Әлі «Күз».<br>Күз де келді, күз келді,<br>Күдерін жаз үзген-ді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Көкте бұлттар жүзді енді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Құстар мекен іздеді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Қондырмады түзге елді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Керек оқу бізге енді. | аяққиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту; қасиеттерін тануға ынталандыру. | ойнауды; лақтыру қимылын жетілдіру; көзбен мөлшерлеу, еске сақтау, қимыл икемділігін дамыту.<br>Қауіпсіздік. Педагог нысананы лақтыру бағытында ешкімнің болмағанын қамтамасыз етеді, қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Құралдар: асықтар, шеңбер.<br>Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан лақтырады. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі<br>"Текшелерді айналып жүгіремін". | Музыка<br>"Айгөлектей дөңгелеп".<br>Мақсат-міндеттері. | Дене тәрбиесі<br>"Салтанатты адым".<br>Мақсат-міндеттері. | Дене тәрбиесі<br>"Әдемі, салтанатты адым жасайық". | Қоршаған әлеммен таныстыру<br>"Қош келдің, алтын күз!"<br>мақсат-міндеттері. Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Балалардың текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын орындауын пысықтау; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылау, қайталату; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыту, балаларда жағымды эмоциялық көңіл күй туындату; тура және айналма жолмен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, текшелерден өту жаттығуларын жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>"Жел тұрды" жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Сөздік нұсқау бойынша қимылдарды орындауды үйрету. (дене тәрбиесі) | Балаларды еліміздің Әнұранын ерекше эмоциялық сезімде қабылдауды және әннің сыр-сипатын ажыратуды үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкалық аспаптарды ажырата білу қабілетін қалыптастыру.<br>"Кім жылдам қозғалады?" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Ойнатылған әннің әуеніне би билеуді үйрету. (музыка, дене тәрбиесі) | Балаларға тізені жоғары көтеріп жүруді үйрету; тізені жоғары көтеру, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру. Тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; тізе жаттығуларын жасату кезінде ағзасын жетілдіру; эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Балаларды шапшаңдық қабілеттерін тез игере білуге баулу; дене жаттығуларын жасағанда тазалыққа және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>"Маған қарай адымдаңдар" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің ауызша нұсқауларын толық орындауды үйрету. (дене тәрбиесі) | Мақсат-міндеттері. Балалардың тізені жоғары көтеріп жүру дағдыларын дамыта отырып, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру; тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; тізе жаттығуларын жасату кезінде қимыл икемділігін жетілдіру; эмоциялық көңіл күйлерін көтеру; балалардың шапшаңдық қабілеттерін тез игере білуге баулу; алмаларды себетке жинауды үйрету; дене жаттығуларын жасағанда тазалық пен ұқыптылыққа, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>"Жалаушаны әкел" қимылды ойыны.<br>Қимыл икемділігін дамыту, тізіені жоғарып көтеріп жүруді, кедергілерден аттауды үйрету. (дене тәрбиесі) | күз мезгілі туралы ұғым беру; күзгі табиғатқа тән құбылыстар мен ерекшеліктерді таныстыру; күз құбылыстары мен ерекшеліктерді түсіндіру; күз мезгіліне қызығушылықтарын ояту және табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Мұқағали Мақатаев «Сап-сары жапырақтар».<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Сал-сары жапырақтар …<br>Саудырап құлап жатыр атырапқа.<br>Біреудің жанарында,<br>Біреудің табанында,<br>Сап-сары жапырақтар жоғалуда.<br>«Қош келдің, алтын күз!» тақырыбына әңгімелесу.<br>«Дана қуыршаққа күзгі киімдерін кигіземіз» атты дамытушы жаттығуы. |
| | "Ғажайып дорба" | Тіл дамыту және көркем | Сурет салудан ойын- | "Жапырақты құрастыр" | "Пішіні әртүрлі жапырақтар" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяққиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту; қасиеттерін тануға ынталандыру. | әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br><br>"Жемістер мен көгөністер".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру; күзде өсетін жемістер мен көгөністер атауларымен таныстыру; күз ерекшеліктері мен құбылыстары жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың жемістер мен көгөністер атаулары арқылы қабылдау қабілеті мен тілін, ой-өрісі мен есте сақтауын дамыту.<br><br>"Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету, еске сақтау, зейін, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. | жаттығулар<br><br>"Жапырақтар түсіп қалды".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды біркелкі заттар мен геометриялық пішіндерді ортақ пішініне қарай біріктіруді және ажыратуды үйрету; пішіндер қасиеттерін қоршаған ортадағы заттар арасынан тауып алып, бөлуге жаттықтыру; пішіндерді, үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, ортақ қасиеттер бойынша біріктіру, бөлу тапсырмаларын орындауға дағдыландыру; айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (домалақ пен сопақша) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру.<br><br>Ауада сурет салу жаттығуы.<br><br>Мақсат-міндеттері. Ауада сурет салу | үстел үсті жаттығуы. (құрастыру)<br><br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым құрылысты, жапырақтың бейнесін, үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыруға ынталандыру.<br><br>Педагог қатты қағаздан жасалған, әрқайсы бірнеше (4-6) бөлікке бөлінген, сары, қызыл-сары, қызыл, жасыл түсті түрлі ағаштар жапырақтарын (қайың, терек, үйеңкі) ұсынады. | жаттығуы (мүсіндеу)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кесектен бір бөлікті үзіп алып, есіп, екі алақанмен жалпақтауға ынталандыру.<br><br>Қауіпсіздік. Балалардың ермексазды ауызға салмауды қадағалау, тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>Құралдар: сары, қызыл, жасыл түсті ермексаз кесектері, тақтайша, сүлгілер, күзгі жапырақтар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тәсілдерін көрсету. Қимыл икемділігін жаттықтыру. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Есесектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Біз ақылды баламыз,<br>Мұқиятты боламыз:<br>Апайлардың айтқанын<br>Құлақ салып тыңдаймыз:<br>Қызықты болса да заттарды<br>Жерден алып көтермейміз.<br>Жерге түскен заттар, тіпті<br>Болу мүмкін қауіпті.<br>Ұялмаймыз -<br>Апайдан сұраймыз. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Серуен** | Аула сыпырушыны бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиетт)<br>Мақсат-міндеттері. Адамның еңбегіне қызығушылықты арттыру, сыпырушы қызметі туралы | Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін жапырақтардың сары түсіне аудару, | Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, | Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. Көгершін (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, сауысқан, | Күзгі ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктер беру. Оның іс-әрекетін сөзбен айтуды, еңбек құралдарын таныстыру.<br>Қауіпсіздік. Адам еңбегін бақылауда қауіпсіз ашақашықта болуды қамтамасыз ету.<br>- Бұл кім?<br>- Аула сыпырушы не істейді?<br>- Аулашы жапырақтарды жинайды, жолдарды сыпырады, қоқыстарды жинайды. Оның қолында не бар?<br>- Аулашының қолында сыпырғыш, тырма, қоқыс себеті бар.<br>- Адамның еңбегін қадірлейміз, қоқысты жерге тастамаймыз, жерден алмаймыз.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған | жапырақтардың түскенін байқату.<br>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>М. Мақатаев "Сап-сары жапырақтар".<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Саудырап құлап жатыр атырапқа.<br>Біреудің жанарында,<br>Біреудің табанында,<br>Сап-сары жапырақтар жоғалуда.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға | зеректікке тәрбиелеу.<br>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел.<br>Саябаққа күз келсе,<br>Жел дамылсыз соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Түріп жатыр,<br>Бүріп жатыр<br>Солғын тартқан гүлдерді.<br>Бірақ сары жапырақ<br>Қалмады жерде құрап,<br>Желге көніп, амалсыз,<br>Ұшып жатыр, шыр айналып.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ | қарға) бақылауды, оларды "құстар" деп атауға, негізгі дене бөліктерін байқауға үйрету; құстардың қимылдары ерекшеліктерін еліктеуге ынталандыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, дене шынықтыру, көркем әдебиет, музыка)<br>Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру.<br>Балалардың ұшқан құстарға аудару.<br>Көк көгершін, көгершін,<br>Көгершін келер жем үшін,<br>Балалар жем себелік,<br>Жем жесін де семірсін.<br>Сөйтіп, қолға үйренсін.<br>Бұл есті құс тіл алғыш<br>Үйренген соң көрерсің.<br>Еңбекке баулу | қабілетін дамыту.<br>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жаңбыр, жел.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы. Жапырақтар сарғайды.<br>- Аспанға қарайық. Аспанда сұр бұлттар ұшып барады.<br>- Адамдар жылы киінді.<br>Қ. Ыдырысов "Күзім".<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Біз көңілді баламыз" қимылды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапырақтарды жинауға шақыру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.<br><br>"Жапырақтар" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір жапырақтан ұстатып, көркемсөзге сай қимылдарды көрсетеді.<br><br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық.<br><br>Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға шайқалу, орнында айналу, жерге шоқайып отыру, тұру, қимылдарын | шақыру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.<br><br>"Саябаққа шығайық" ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта тақпақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап жүрруді үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>Саябаққа шығайық, жиналайық,<br><br>Сап-сары жапырақты, кел алайық,<br><br>Құстарға қолмен бұлғап шақырайық,<br><br>Шеңберде бірге билеп, айналайық.<br><br>- Мінеки, балалар, жапырақтар біздің бау-бақшада ұшып жатыр, жерге қонып жатыр!<br><br>Балаларды үстелге ертіп | бұтақтарды жинауға шақыру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.<br><br>"Жалауға жүгір" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгіге (жалауға) қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br><br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br><br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br><br>- Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.)<br><br>- Жарайсыңдар!<br><br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. | тапсырмалары: балаларды гүлзарда құрап қалған жапырақтарды тазалауға шақыру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>"Ұядағы балапандар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру; арқан астынан өту, жүгіру қимылдарын жетілдіру; ойынға қызығушылықты дамыту.<br><br>Педагог арқанмен кеңдеу шеңбер жасайды.<br><br>– Балалар, шеңбер құрып тұрайық. Мен жерге арқаннан шеңбер жасап саламын. Сендер | жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br><br>Біз көңілді балалармыз,<br><br>Қатар-қатар тұрамыз,<br><br>Көтереміз иықты,<br><br>Бақылаймыз жан-жақты.<br><br>Жүріп-жүріп асықпай,<br><br>Тез өсеміз, алақай!<br><br>"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір орыннан екі аяқпен алға секіру қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.<br><br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталауды көрсетеді.<br><br>"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен), ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.<br><br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | әкеліп отырғызу.<br><br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту.<br><br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | Мұқият болыңдар.<br><br>Педагог үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа кезекпен бағыттайды.<br><br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br><br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br><br>Педагог дауыс балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескереді.<br><br>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру.<br><br>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.<br><br>Мақсат-міндеттері. Барлығы тату ойнауға, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. | арқанның бойымен тізіліп, шеңбердің сыртында тұрасыңдар.<br><br>– Осы арқанның іші біздің ұямыз болады.<br><br>– Мен сендерге: «Торғайлар көңілді!» деген белгі берген кезде сендер бір орында секіресіңдер. «Ұяға!» белгісін бергенде сендер шеңбер ішіне секіріп кіресіңдер.<br><br>Жаттығу екі рет қайталанады.<br><br>"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіру қабілетін қалыптастыру.<br><br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br><br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Алақандар қайда?<br>Тығылыпты сайда.<br>Қане, суға тосайық,<br>Жуынайық. (Д. Ахметова)<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.<br>Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>«Үш аю» ертегісін оқып беру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка) | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады.<br>«Жеті лақ» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды біледі.<br>«Бауырсақ» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Саппен жүру жаттығуы.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады. (дене тәрбиесі)<br><br>Алдымызда ұзынша<br><br>Жайылып тұр жолақша.<br><br>Топ-топ етіп басайық,<br><br>Қадам басып барайық.<br><br>Секіреміз оп-оп!<br><br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Д. Ахметова | "Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуды жаттықтыру; қызыл, сары жапырақтарды екіге бөліп, екі себетке салуды үйрету.<br><br>Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай). (сурет салу, қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Қ. Ыдырысов «Күзім»<br><br>Күзім-күзім, күзім-ау, | Саусақ жаттығуы. "Құлыптар".<br><br>Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Саусақтарды ойнатайық, (саусақтарын жыбырлату)<br><br>Бір-біріне ұқалайық. (қос алақанды ұқалау)<br><br>Арасына өткізіп, (алақан саусақтарын бір-бірінің арасынан өткізу)<br><br>Мықты құлыптар жасайық. (қос қолды жұдырыққа қысу, "құлып" жасау) (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Д. Ахметова<br><br>«Дананы серуенге шығарайық» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту | "Киюді үйрену" атты мультфильмін көру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; киіну тәртібін есте сақтап, ойынға ынталандыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Саусақ жаттығуы. "Үшты талдан жапырақ".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балада жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру, тілін, қолдың ұсақ моторикасын; жаттығуларды жасағанда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. | "Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br><br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br><br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br><br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br><br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). (тіл дамыту және көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау. | және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Жыл мезгілінің ерекшелігіне байланысты дұрыс киіну үлгісін көрсету. Қуыршақтың дене мүшелерін дауыстап атау, балаларға қайталатып айтқызу. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Саусақ жаттығуы.<br>М. Әлімбаев "Ұшты талдан жапырақ".<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>Қолға шатыр алайық<br>Там-там – соқса тамшылар,<br>Жамылып отырайық.<br>Д. Ахметова<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді жұлу әдісін игерту. "Жапырақтар".<br>(мүсіндеу) | Саусақ жаттығуы. "Құлыптар".<br>Саусақтарды ойнатайық,<br>Бір-біріне уқалайық.<br>Арасына өткізіп,<br>Мықты құлыптар жасайық.<br>Д. Ахметова<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | Ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем | Ақшыл бұлтты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Аққайыңды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл | Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауға, жапырақтардың жасыл, сары түстерге боялғанын анықтау.<br><br>Өсімдіктерге сүйіспеншілік танытуға бейімдеу.<br><br>Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру.<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларға ағаштарды таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>Жанымызда биік ағаштар,<br><br>Бұталарында жапырақтар.<br><br>Ағаштар тік тұрады, | Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндау; балалардың түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br><br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br><br>- Аспаннан нені көріп тұрсыңдар?<br><br>- Иә, ақ бұлттарды көріп тұрмыз.<br><br>Ақшыл бұлттар,<br><br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br><br>Ақшыл бұлттар,<br><br>Қайда ұшасыңдар? (Д. Ахметова)<br><br>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар | Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрі, ағаштарға қызығушылықтарын қалыптастыру; қоршаған ортадағы өсімдіктермен (аққайыңмен) таныстыру, өзге ағаштардан айырмашылығын көрсету.<br><br>Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру.<br><br>"Ақ қайың" С. Мәуленов<br><br>Жапырағын күн сүйіп,<br><br>Бұтағын жел тербеткен.<br><br>Даласында (Волховтың) (өлке атауы),<br><br>Дарқан өсіп ер жеткен.<br><br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік | дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін байқату.<br><br>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру.<br><br>Саябаққа күз келсе,<br><br>Жел дамылсыз соғады.<br><br>Тыным бермей ешкімге,<br><br>Жұлқылайды бәрін де.<br><br>Үзіп жатыр,<br><br>Жұлып жатыр<br><br>Барлық сары жапырақты.<br><br>"Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсаты: балаларды белгі сөздерге сай қимылдауға үйрету, шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін | жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br><br>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел.<br><br>Саябаққа күз келсе,<br><br>Жел дамылсыз соғады.<br><br>Тыным бермей ешкімге,<br><br>Жұлқылайды бәрін де.<br><br>Үзіп жатыр,<br><br>Жұлып жатыр<br><br>Барлық сары жапырақты.<br><br>Д. Ахметова<br><br>«Құс ұясы» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға, ойын ережесін сақтауға ынталандыру.<br><br>Педагог балаларды екі топқа бөледі, екі үлкен шеңбердің ішіне отырғызады. Педагог балаларға: «Құстар ұшады!» деген белгі бергенде, балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалмайды,<br><br>Жапырақтарын бұлғайды.<br><br>"Жалауға жүгір" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгіге (жалауға) қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br><br>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру.<br><br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | ойнауға ынталандыру; белгі бойынша белгілі бағытқа жүгіруді жетілдіру.<br><br>Балалардың "күн" және "жаңбыр" белгі сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br><br>- Күн шықты - балалар ойнады.<br><br>- Күн тығылды - жаңбыр жауды.<br><br>Саппен жүру жаттығуы.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br><br>Алдымызда ұзынша | қабілеттерін дамыту.<br><br>"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір орыннан екі аяқпен алға секіру қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br><br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br><br>Үрлен, үрлен көпіршік,<br><br>Үлкен болып үрленші.<br><br>Үлкен болып үрлен де,<br><br>Жарылмашы, түрленші.<br><br>"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br><br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | шеңберден шығып, қолдарын жан-жаққа сермеп жүреді. Жерге отырып, саусақтарын тізелеріне тигізіп, жерден дән шоқып жатқандарын көрсетеді. Педагог балаларға «Құстар ұясына қонды!» деген белгі бергенде, балалар шеңбердің ішіне жүгіріп кіреді. Педагог ойын кезінде балаларға бір-бірін итеруге болмайтынын ескертеді.<br><br>"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен), ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.<br><br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Алақандар қайда?<br>Тығылыпты сайда.<br>Қане, суға тосайық,<br>Жуынайық. (Д. Ахметова)<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Ересектердің сөзін | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Ересектердің сөзін | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Ересектердің сөзін | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br><br>Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды | түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br><br>Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, | түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br><br>Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, | сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br><br>Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br><br>Міндеттер. Жапсыруға | сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br><br>Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br><br>Міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br><br>Міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпақтату)жетілдіру.<br><br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) | жапсыру, мүсіндеу)<br><br>Міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпақтату)жетілдіру.<br><br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br><br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. | жапсыру, мүсіндеу)<br><br>Міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпақтату)жетілдіру.<br><br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br><br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. | қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпақтату)жетілдіру.<br><br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br><br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. | туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпақтату)жетілдіру.<br><br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br><br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. |
| **Балалардың** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға айналадағы заттардың | | | | |

| | |
|---|---|
| **үйге қайтуы** | атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері". |

**Әдіскер:** **Садыкова А.Т**

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Balym-Ai» бөбекжай балабақшасы
Топ: кіші топ «Балауса»
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар.
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 06.10 – 10.10.2025ж.
Педагогтің аты-жөні: Шорасулова М

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **«Отан – біздің ең үлкен анамыз. Ешкім Отанына көрсеткен қызметіне жылу дәметпеуі тиіс. Ол – оның азаматтық борышы». Мұхтар Шаханов** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)<br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>«Қайырлы таң» https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgzZUyE.mp4<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен** | «Баланың балабақшада өткен тақырыптары жайында ата-ананың хабардар болуының маңызы» | «Баланың балабақшада өткен тақырыптары жайында ата-ананың хабардар болуының маңызы» | «Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығулар жасату» | «2 жастағы баланың тілін қалай дамытуға болады?»<br>https://bilimkids.kz/correction_work/6218 | «Баланың қандай жеміске немесе көкөніске аллергиясы бар?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу,**<br><br>**кеңес беру** | | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті**<br><br>**(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбек: табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикуске суқұйғышпен су құюды көрсету.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br><br>Міндеттер: балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастырады.<br><br>(музыка)<br><br>BilimKids-тің «Қуырмаш» әні.<br><br>Міндеттер: балалар әннің сөзіне қарай қимылдар жасай алады.<br><br>Қолдың ұсақ моторикасы дамиды.<br><br>(музыка)<br><br>«Біз баққа барамыз» жаттығуы (дене | «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбек: «Топтың ішін ретке келтір».<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалық орнатуға кірістіру; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br><br>«Пішінсалғыш ойыншықпен ойын». (сенсорика, көркемсөз)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қолдың моторикасын дамыту.<br><br>Пішіндер шашылып қалды, | «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбек: балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br><br>«Пирамида жинау» ойыны. (сенсорика)<br><br>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>Кім пирамиданы шашқан,<br><br>Сақинаны ойнап басқан,<br><br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br><br>Домалатып, айдап қашқан?<br><br>Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту | «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбек: ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.<br><br>Саусақ жаттығуы. «Бес саусақ». (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ойдың дамуына ықпал ету.<br><br>Оң қолымда бес саусақ,<br><br>Сол қолымда бес саусақ.<br><br>Оларды атап шақырар,<br><br>Әрқайсының аты бар.<br><br>Бас бармақ,<br><br>Балаң үйрек,<br><br>Ортан терек, | «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбек: балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру.<br><br>«Бұл кім?» ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын білдіретін зат есімдермен байыту. Балалардың еліктеу арқылы тани білу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; зеректікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br><br>Балалар орындықта отырады. Педагог балалардан иттің қалай үретінін, мысықтың қалай мияулайтынын, сиырдың қалай мөңірейтінін, қарғаның қандай дыбыстар шығаратынын (көкек, торғай, көгершін, сауысқан) көрсетуді сұрайды. Балаларға мұны істеу қиын болса, ересектер көрсетеді.<br><br>– Балалар, біз ойынды біраз өзгертейік. Балалардың бірі аңға немесе құсқа ұқсаған дауыспен ғана емес, өзіне тән қимылдармен еліктеп көрсетеді. Әдетте, қоянның қалай секіретінін көрсеткісі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиесі)<br>Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүруді жаттықтыру.<br>Біз баққа барамыз.<br>Ол жерден не аламыз? (Бір орында марш басу)<br>Жинайық біз кезекпен (Қолды кезегімен көтеріп, түсіру)<br>Алмаларды себетке.<br>Бір, екі және үш!<br>Бойымызда алып күш! (Қол білегін көрсету)<br>Жинап болсақ көп алма, (Қол шапалақтау)<br>Апарайық қоймаға. (Отыру) | Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға салайық.<br>Саусақ жаттығуы. «Қуырмаш»<br>Міндеттер: балалар ән сөзіне қарай қимыл жасай алады.<br>Қолдың ұсақ моторикасы дамиды.<br>(музыка) | және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев «Қияр» (орыс халқының тақпағы)<br>Қияр, қияр, шет-тысқа<br>Бара көрме, желігіп:<br>Жеп қояды бір тышқан<br>Құйрығыңды кеміріп. | Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. | келетіндер көп болады. Бірақ барлық аң құстарды көрсетсін. Кім қоян болып ұзақ тұра алатынын және оны кім қоянға ұқсата алатынын анықтау ғана қалады.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі)<br>1.«Қанаттарымызды қағамыз» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа ораламыз. Демді ішке | Жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі)<br>1.«Қанат қағамыз» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа ораламыз. Демді ішке | Жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі)<br>1.«Қанаттарымызды қағамыз» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке | Жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі)<br>1.«Қанаттарымызды қағамыз» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке | Жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі)<br>1.«Қанаттарымызды қағамыз» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2.«Шапалақтаймыз»<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. «Көңілді баламыз».<br>Бастапқы қалып: аяқ иықтың енінде, екі қол белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, | тартамыз.<br>Қолды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2.«Шапалақтаймыз»<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. «Көңілді баламыз».<br>Бастапқы қалып: аяқ иықтың енінде, екі қол белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет. | тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2.«Шапалақтаймыз»<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. «Көңілді баламыз».<br>Бастапқы қалып: аяқ иықтың енінде, екі қол белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, | тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2.«Шапалақтаймыз»<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. «Көңілді баламыз».<br>Бастапқы қалып: аяқ иықтың енінде, екі қол белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, | Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2.«Шапалақтаймыз»<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. «Көңілді баламыз».<br>Бастапқы қалып: аяқ иықтың енінде, екі қол белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыныс алу жаттығуы. | Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | тыныс алу жаттығуы. | тыныс алу жаттығуы. | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Сабындаған кезіңде<br>Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы -<br>Сабын деген осы.<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тіс тазалау дағдыларын қалыптастыру. «Біз ақылды баламыз», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну», табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Дәмді екен ботқасы,<br>Дақылдардың қоспасы.<br>Ішіп болсақ, майлықпен<br>Ауыз сүртіп алдымен,<br>Қуанышты боламыз,<br>Орнымыздан тұрамыз. (Д. Ахметова)<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br>«Күй күмбірі»: Мүкейдің күйі «Қосбасар» (орындаған Мұрат Абылғазин). https://kitap.kz/music/2/murat-abugazynyng-oryndauyndagy-kuyler<br>Отбасы және отбасы құндылықтарын дәріптеу. Тақырыбы: «Менің отбасым». Мақсаты: отбасы туралы әңгімелесу, отбасыда кім және қандай міндет атқаратынын анықтау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Жаңбыр» жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Мақсат-міндеттер: сөздердің айтылу жылдамдығын ажыратуды үйрету, «тырс-тырс-тырс» деген сөздерді айтқызу, сонымен қатар әртүрлі қарқынмен: баяу, орташа, тез айтуға болады.<br><br>Төбеге тамшылар тамып жатыр. («Тырс-тырс-тырс» деген дыбыстарды орташа ырғақпен дыбыстау.) Балалар қайталайды.<br><br>Жаңбыр жаңадан жауа басталған кезде оның тамшылары сирек тамып, басқаша тырсылдатады. («Тырс-тырс-тырс» деген дыбыстарды баяу, созылыңқы ырғақта, кідіріс жасап, айтып дыбыстайды). Балалар қайталайды.<br><br>Егер жаңбыр қатты жауып тұрса, онда | Балалардың көтеріңкі көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, көркемсөзді қайталау)<br><br>Көркемсөз.<br><br>Асқаржан Сәрсеков «Күзгі көрініс».<br><br>Күздің салқын самалы<br><br>Аймалайды маңдайдан,<br><br>Алып қашып барады<br><br>Жапырақты сарғайған.<br><br>Тыныстаған ырғалып<br><br>Бақ-бау қандай, гүл қандай?<br><br>Сары қыздар жиналып,<br><br>Сыбырласып тұрғандай ... | Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шығарманы суретке қарап немесе көрнекіліксіз тыңдауды үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Қ. Ыдырысов «Күзім»<br><br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br><br>Мінезің бұзық-ау.<br><br>Жаңбырың сіркіреп<br><br>Келгенің қызық-ау.<br><br>«Қып-қызыл алмалар» жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиеті, дене тәрбиесі)<br><br>Шеңбер бойымен жүріп орындайды.<br><br>Қып-қызыл алмалар,<br><br>Ағашта пісіп тұр. (Қол ұстасып, шеңбер бойымен жүреді)<br><br>Қыздар да, ұлдар да,<br><br>Алманы көріп тұр. | Пішінсалғыш ойыншықпен ойын. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Балаларға пішіндерді өзіне сәйкес келетін ұяшыққа дұрыс салуды үйрету; олардың пішіні түсі, көлемі туралы айтқызу; ойлау, зейін, сөйлеу, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>Педагог ортаға пішінсалғыш ойыншығын қояды. Оның ұяшықтарының пішіндері туралы айтады. Ойыншықтың ішінде жатқан әртүрлі пішіндерді шығарады. Балаларға осы пішіндерді түсі мен көлемі өзіне сәйкес келетін ұяшыққа салу керектігін түсіндіреді.<br><br>Пішіндерді жинайық,<br><br>Ұяшыққа салайық!<br><br>Балалар ойынды ойнай бастайды. Педагог балаларға пішіндердің түсі, көлемі туралы | Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауды үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br><br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев «Қияр» (орыс халқының тақпағы)<br><br>Қияр, қияр, шет-тысқа<br><br>Бара көрме, желігіп:<br><br>Жеп қояды бір тышқан<br><br>Құйрығыңды кеміріп. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тамшылар төбені осылай қағып кетеді (тез қарқынмен айтылады).<br><br>Балаларға айтылу жылдамдығын ажыратуды үйрету және осы дыбыстық тіркесті берілген қарқынмен айтуды үйренген соң, педагог оларды жаңбырдың қандай болатынын құлақпен есту арқылы анықтауды ұсынады және «тырс-тырс» дыбысын әртүрлі қарқынмен айтқызады. 3-4 рет қайталауға болады. | | (Тоқтайды)<br><br>Кім оған жетеді? (Шеңбердің ортасына жиналып, жоғарыға<br><br>Кім үзіп алар? (қолдарын көтеріп, шапалақ ұрады)<br><br>Сол бала алманың, (Қайтадан орындарына келіп,<br><br>Тәтті дәмін татар! (жоғарыда шапалақ ұрады)<br><br>Бір, екі, үш, (Үш рет шапалақтайды)<br><br>Алма қолға түс! | сұрақтар қойып отырады. Балаларды мақтайды, қолдау көрсетеді. | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі<br><br>«Тізені жоғары көтеріп жүрейік» ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттер. Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте | Музыка<br><br>«Гимн жаттайық» ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттер. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Гимн орындалғанда елі үшін | Дене тәрбиесі<br><br>«Еңбектеп жүреміз» ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Еңбектеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Еңбектеуге дене икемділігін бейімдеу, | Дене тәрбиесі<br><br>«Құмырсқалар секілді еңбектенеміз» ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Еңбектеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.<br><br>Еңбектеуге дене икемділігін бейімдеу, | Сурет салудан ойын-жаттығу.<br><br>«Алма».<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, ұшындағы түгін бояуға малып, қағаз бетінің ортасына ұшымен бір нүктеден бастап, шеңбер бойымен сызық жүргізіп, бастаған нүктеге жеткізіп, дөңгелек пішінді үлкен алманы салып шығуды үйрету; қылқаламмен салынып жатқан «сызықты» бақылап отыруға машықтау; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.<br><br>«Орманға серуен» қимылды ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттер. Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Педагог балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Балаларға серуенге шыққанда адасып кетпеу үшін, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру керектігін айтады.<br><br>Педагог:<br><br>– Балалар, біз күзгі орманға келдік. Орман іші тып-тыныш. Орманда адасып кету оп-оңай. Бір-біріміздің | мақтаныш сезіміне бөленуге тәрбиелеу. | балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту.<br><br>«Жемістерді еңбектеп жинаймыз» ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттер. Еңбектеу. Шектеулі жазықтың бойымен төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.<br><br>Педагог балаларға еңбектеп жүріп, жерде шашылып жатқан ойыншық жемістерді жинатады. (дене тәрбиесі) | балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту, балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу; қауіпсіздік техникасы мен тазалық ережелерін сақтауға баулу.<br><br>«Кірпілер» ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Еңбектеу. Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. (дене тәрбиесі)<br><br>Педагог:<br><br>– Балалар, қазір біз кірпі болып ойнаймыз. Алдыңғы жақта тұрған себеттегі алмалардың қасына еңбектеп барамыз, себеттен бір алма алып, оны кері қарай домалатып жібереміз. Өзіміз кері бағытта еңбектеп қайтамыз. | жаттықтыру; алманың қызыл болып пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br><br>«Бауырсақтың суретін саламыз». (сурет салу)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолымыздан ұстап алайық. Орман тыныштығын бұзбау үшін аяқтың ұшымен жүреміз. (дене тәрбиесі) | | | | |
| | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br><br>«Жапырақтар».<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Балалардың жапырақтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, жаңа материалды қабылдау қабілетін, сөйлеу тілін, түйсігін дамыту.<br><br>«Жапырақ жинайық» ойын рефлексиясы.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br><br>«Шалқан» ертегісі.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларға ертегілерді тыңдауды үйрету. Балаларды «Шалқан» ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұнына зейін қойып, мұқият тыңдауды үйрету; кейіпкерлердің сөздерін айтуға жаттықтыру; шалқан туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың сөйлеу тілін, зейінін, қабылдау қабілеті мен есте сақтауын дамыту.<br><br>«Не жасырдым?» жаттығуы. | «Жармадан қамыр илейік» дамытушы жаттығуы. (сенсорика)<br><br>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балаларға жарма туралы алғашқы түсініктер беру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>Құралдар: шұңғыл пластик ыдыстарға салынған жармалар, сүлгілер, төсеніштер.<br><br>– Балалар, қазір бір қолымызды мына ыдысқа салып, әжеміз сияқты қамыр илеп көреміз.<br><br>Педагог балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы саусақтармен | Құрастырудан ойын-жаттығулар.<br><br>«Күздік алмаларға қорапша».<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Балаларға кірпіштен қорапша құрастыруды үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу қабілеттеріне дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай жемістерге қорапша жасауға жаттықтыру. Балаларды кірпіштің қасиеттері мен ерекшеліктерін қабылдау мүмкіндіктерін | «Алмалар шашылды» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды көркемсөзге жағымды эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br><br>– Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі.<br><br>– Қане, балалар, піскен алмаларды жинайық.<br><br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алма теруді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, әрі қарай бағыттайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Жапырақтарды себетке жинауды үйрету. Қимыл ептілігін дамыту. | Мақсат-міндеттер. Ертегі кейіпкерлерін көлеңкесінен тануды үйрету. Зейін, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. | араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді. Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қадағалау керек. | арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқампаздығы мен зейінін, түйсіну қабілетін дамыту. | Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар. (Д. Ахметова) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Есесектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | «Қауіпсіздік». Сары жапырақтарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын | «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.<br>Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; | Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттар сұрланып тұрса, жаңбыр жауатынын байқату.<br>Жаңбыр жауса қалаға,<br>Алыс жатқан ауылға,<br>Су толады шалшыққа.<br>Кім шыдайды суыққа? | Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел.<br>Балаларға жапырақтарға қарап, желдің соққанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Табиғат | «Қауіпсіздік». Ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.<br>Жанымызда биік ағаштар,<br>Бұталарында жапырақтар.<br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br>Жапырақтарын бұлғайды.<br>– Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не болды? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру.<br><br>Жапырақтарды ауызға салмауды қадағалау.<br><br>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел, жапырақтардың түсуі.<br><br>М. Әлімбаев «Ұшты талдан жапырақ».<br><br>Ұшты талдан жапырақ<br><br>Сары көбелек секілді.<br><br>Аспанда жай шатырлап,<br><br>Тамшы жерде секірді.<br><br>Балаларға көркемсөз жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан | аулада сары жапырақтарды сыпырғыш және күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу.<br><br>Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы".<br><br>- Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br><br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br><br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br><br>Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br><br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br><br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br><br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br><br>Апарам да аударамын орға мен.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. | Там-там-там,<br><br>Там-там-там,<br><br>Соққылайды шатырға.<br><br>Там-там-там,<br><br>Там-там-там.<br><br>Кім шыдайды суыққа?<br><br>Д. Ахметова<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана ішінде жатқан құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>«Күн мен жаңбыр» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. | құбылыстарына қызығушылық таныту; табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру (жел).<br><br>Саябаққа күз келсе,<br><br>Жел дамылсыз соғады.<br><br>Тыным бермей ешкімге,<br><br>Жұлқылайды бәрін де.<br><br>Үзіп жатыр,<br><br>Жұлып жатыр<br><br>Барлық сары жапырақты.<br><br>Д. Ахметова<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинатқызу.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. | – Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br><br>– Күзде жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.<br><br>«Мысық пен тышқандар» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Балаларға белгімен қозғалу әдебін үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br><br>Тышқандар інге сыймайды,<br><br>Тесіктерден сығалайды.<br><br>Ешкім жоқ болса,<br><br>Аулаға шығып ойнайды.<br><br>Ай-ай-ай! Тышқандар-ай,<br><br>Жақындайды мысық жай! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.<br><br>«Бұршақтар» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.<br><br>Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Балалардың бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіру дағдыларын жетілдіру. (дене тәрбиесі)<br><br>Табақшада жатты бұршақтар,<br><br>Барлығы бірдей, доп- | Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>«Аюдың орманында» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарын кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.<br><br>"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен адымдап жүру дағдысын | Балалардың «күн» және «жаңбыр» сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br><br>Педагог ортаға лентаны шеңбер бойымен жайып қояды. Балаларды лентаның бойына тұрғызады.<br><br>Педагог:<br><br>– Балалар, «күн шыққанда», барлығымыз лентаның бойымен жүру қарқынын өзгертіп жүреміз. «Жаңбыр жауды» дегенде, тоқтап қаламыз.<br><br>«Әткеншек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың | "Орманмен жүрейік" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Балаларды көркемсөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап беруге ынталандыру; дене бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жаңғақтардың күзде пісетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>«Өз орныңды тап» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды сапқа (түзу сызық, жіптің бойымен) белгі | Шеңберден асыңдар,<br><br>Қашыңдар! (Д. Ахметова)<br><br>Соңғы сөздерді айтқанда педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады.<br><br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br><br>«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты қосып секіруге жаттықтыру.<br><br>«Шеңберден шықпа» жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | домалақтар.<br>Марғау бұршақтарды шашты,<br>Бұршақтар жан-жаққа домаланған қашты.<br>«Маған қарай жүгіріңдер» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. тәрбиешінің белгісімен әрекет жасауды, бір бағытта жүгіруді үйрету.<br>«Допты қағып ал» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. Балалардың ойыншықтармен | қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>"Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастарымен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | бақайларын қимылдату (отырып). Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен.<br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | бойынша тізілуге және жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дербес ойындары. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Қане, қаздар, қаздар,<br>Суға сүңгіп, шомылыңдар!<br>Шомылып-шомылып,<br>Жұмсақ шөпке қоныңдар! (Д. Ахметова)<br>«Үнемді тұтыну», «Біз ақылды баламыз», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну», табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, аузындағы тамақты дұрыс шайнап жеу.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>Д. Ахметова<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты түрде бүктеп қоюға ынталандыру. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімнің түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br>Балалардың тыныш | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>«Үш аю» ертегісін | Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаю әдетін қалыптастырады. | Киімнің түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды біледі.<br>«Бауырсақ» ертегісін оқып беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйықтауы үшін жайлы, баяу қырқынды музыка тыңдау. (музыка) | оқып беру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | ұйықтауы үшін жайлы, баяу қырқынды музыка тыңдайды. (музыка)<br>С. Әлімқұлов «Әлди, әлди!»<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін бесікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке | «Жеті лақ» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | (тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабанның алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және** | «Жеміс пен көкөністерге қорапша» іс-тәжірибе жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс | «Пішіндерден алқа жасаймыз» дамытушы ойыны. (құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Өлшемдері әртүрлі геометриялық | «Жапырақты құрастыр» үстел үсті жаттығуы. (құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен | «Көкөністер» мультфильмін көру.<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастарының қасында жүріп, | «Шарды үрлеп өсірейік» шеңбер ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарын орындау. Балаларға бірігіп шеңбер құруды үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | материалдарымен (текшелер, кірпіштер), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Кірпіштерден қорапшалар құрастыруды үйрету.<br><br>«Сәлем!» мультфильмін көру. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастардың жанында жүріп, бәріне ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. | фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды жетілдіру. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған істің нәтижесіне қуануды үйрету.<br><br>«Көкөністер дүкені» ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларда көкөністер, көкөніс сатушының қызметі жайында ұғымдарын | (текшелер, кірпіштер), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Қарапайым пішінді жапырақтың бейнесін, ересектің көмегімен үлгі бойынша өз бетінше құрастыруға ынталандыру.<br><br>Педагог қатты қағаздан жасалған, әрқайсы бірнеше (4-6) бөлікке бөлінген, сары, қызыл-сары, қызыл, жасыл түсті түрлі жапырақтар (қайың, терек, үйеңкі) ұсынады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қазан» ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға ересекпен бірлесіп ойын ойнауды, ойын ережесін сақтауды үйрету. Көзбен мөлшерлеу, еске сақтау, қимыл икемділігін дамыту.<br><br>Құралдар: құм салынған қапшықтар, | көкөністерді ажыратып, жаттығуларды жасап, ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау.<br><br>«Ғажайып дорба» ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяққиім, ыдыс, жиһаз, көкөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. | ынталандыру; тілін, жаттығудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br><br>Педагог балаларды қасына шақырады.<br><br>Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),<br><br>Қол ұстасып, жүрейік.<br><br>Ортадан артқа, артқа<br><br>Шегіндік. Енді тоқта!<br><br>Үлкен қылып үрледік (тоқтау),<br><br>Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру).<br><br>Пш-ш-ш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару).<br><br>Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. «Пах» және «Пш» дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.<br><br>«Көкөністер» дамытушы ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларға көкөністердің атауларын айтуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту.<br><br>Сатушы:<br><br>– Сәлеметсіңдер ме, балалар, бұнда не үшін келдіңдер?<br><br>Балалар:<br><br>– Көкөністер сатып алуға келдік.<br><br>Сатушы:<br><br>– Менің дүкенім сиқырлы жер. Себебі, көкөністерді дұрыс табылған жауаптарға ғана беремін. Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма?<br><br>Жұмбақтар.<br><br>Доптар жатыр желісі бар,<br><br>Қабат-қабат терісі бар. (Орамжапырақ.)<br><br>Ашулы қонақ бұл анық,<br><br>Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз.) (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, математика негіздері, | шеңбер. | | ынталандыру, нақпішіндерін қолмен ұстау арқылы түйсінуді, есте сақтауды дамыту. Құралдар: көкөністердің нақпішіндері.<br><br>Міне, дәмді көкөністер,<br><br>Күзге дейін пісіп өскен,<br><br>Картоп, пияз, қызанақ,<br><br>Қияр, орамжапырақ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрастыру, сурет салу) | | | |
| **Балаларменжеке жұмыс** | Тақпақты мәнерлеп оқу.<br>М. Әлімбаев «Ұшты талдан жапырақ».<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Қияр нақпішіндерімен ойнату.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев «Қияр» (орыс халқының тақпағы).<br>Қияр, қияр, шет-тысқа<br>Бара көрме, желігіп:<br>Жеп қояды бір тышқан<br>Құйрығыңды кеміріп.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) | Қ. Мырза Әли «Күз».<br>Шашақтанып жиегі<br>Бұлт қабағын түйеді.<br>Жоқ шалшықсыз,<br>Балшықсыз<br>Жердің сынық сүйемі.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Д. Ахметова «Жаңбыр».<br>Жаңбыр жауса қалаға,<br>Алыс жатқан ауылға,<br>Су толады шалшыққа.<br>Кім шыдайды суыққа?<br>Там-там-там,<br>Там-там-там,<br>Соққылайды шатырға.<br>Там-там-там,<br>Там-там-там.<br>Кім шыдайды суыққа?<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Д. Ахметова «Жолақша».<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тіс тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | «Қауіпсіздік», «Экология». Ағаштарды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. | «Қауіпсіздік», «Экология». Аққайыңды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. | Балабақша маңынан өтіп бара жатқан, күзгі маусымдық киімді киген, адамдарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем | «Қауіпсіздік». Сары жапырақтарды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғат | «Қауіпсіздік». Ұшқан құстарды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жылы жаққа ұшып кетіп жатқан құстарға аудару; құстардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру; ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>Көркемсөз.<br><br>Жанымызда биік ағаштар,<br><br>Бұталарында жапырақтар.<br><br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br><br>Жапырақтарын бұлғайды.<br><br>Мұзафар Әлімбаев «Күз келді»<br><br>Сарғайды тоғай,<br><br>Сап-сары маңай.<br><br>Соңғы әнін айтып,<br><br>Құс кетті қайтып.<br><br>«Аюдың орманында» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектермен бірге қимылдары жеңіл, | Балалардың тірі табиғат түрі, ағаштарға қызығушылықтарын қалыптастыру; қоршаған ортадағы өсімдіктермен (аққайыңмен) таныстыру, оның өзге ағаштардан айырмашылығын көрсету.<br><br>Қауіпсіздік. Табиғат объектілерін бақылағанда қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру.<br><br>«Ақ қайың» С.Мәуленов<br><br>Жапырағын күн сүйіп,<br><br>Бұтағын жел тербеткен.<br><br>Даласында Волховтың (өлке атауы),<br><br>Дарқан өсіп ер жеткен.<br><br>«Күн мен жаңбыр» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қимылды ойындарға қызығушылықтарын | әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту<br><br>«Көшедегі адамдар» (Д.Ахметова)<br><br>Көшеге қара, балақай!<br><br>Адамның киімі қандай?<br><br>Көк шалбар,<br><br>Қоңыр шалбар,<br><br>Сым-шалбар,<br><br>Балағы кең және тар.<br><br>Қызыл көйлек,<br><br>Сұр көйлек,<br><br>Көбелектей<br><br>Көкпеңбек.<br><br>Көрдік түрлі адамды,<br><br>Оюлы киген шапанды,<br><br>Сөмке ұстаған, | пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>Балалардың назарын сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күзгі құбылыстар жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту.Жапырақтарды ауызға салмауды қадағалау.<br><br>Көркемсөз.<br><br>М. Әлімбаев «Ұшты талдан жапырақ»<br><br>Ұшты талдан жапырақ<br><br>Сары көбелек секілді.<br><br>Аспанда жай шатырлап,<br><br>Тамшы жерде секірді.<br><br>Балаларға көркемсөз жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру.<br><br>«Маған қарай | үйірге жиналып ұшатынын байқату, «жыл құстары», «құстар көп» сөз тіркестерін айтқызу; жыл құстары туралы түсініктерді қалыптастыру.<br><br>Құстарға жақындауға болмайтынын түсіндіру.<br><br>Педагог:<br><br>– Балалар, аспанға қарайықшы. Бұл нелер?<br><br>– Иә, бұл құстар.<br><br>– Құстар үйірге жиналып, жылы жаққа ұшып барады.<br><br>– Аспанда бір ғана құс па?<br><br>– Құстар көп. Жарайсыңдар!<br><br>Көркемсөз.<br><br>Ескен Елубай «Құстар, қайтып келіңдер!»<br><br>Құстар, қайтып келіңдер!<br><br>Қимас әнге салады,<br><br>Құстар қайтып барады.<br><br>«Қош болыңдар!» – дегендей,<br><br>Қанаттарын қағады.<br><br>Сау-саламат болыңдар,<br><br>Жылы жаққа барыңдар.<br><br>– Күзде құстар ұшып кетсе де, көктемде біздің жаққа қайтып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарын кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.<br><br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (еңбекке баулу)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. (қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Балалардың дербес | ояту. Ауызша нұсқаулар бойынша қимылдар жасауды үйрету.<br><br>«Өз орныңды тап» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды сапқа (түзу сызық, жіптің бойымен) белгі бойынша тізілуге және жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (еңбекке баулу)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. (қоршаған | шатырды,<br><br>Жылдам басқан қадамды,<br><br>Күртеше киген,<br><br>Жеңін түрген,<br><br>Бір-біріне<br><br>Сәлем берген.<br><br>«Бау-бақшаға барайық» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру.<br><br>Педагог көркемсөздерді бастайды, балаларды өзімен бірге бағыттайды.<br><br>– Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету),<br><br>Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі | жүгіріңдер» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. тәрбиешінің белгісімен әрекет жасауды, бір бағытта жүгіруді үйрету.<br><br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (еңбекке баулу)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің | келеді.<br><br>«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты қосып секіруге жаттықтыру.<br><br>"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (еңбекке баулу)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. (қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Балалардың дербес ойындары. Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойындары. Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру. | әлеммен таныстыру)<br>Балалардың дербес ойындары. Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру. | жаққа денемен бұрылу).<br>Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру),<br>Қорапшаға салайық (отыру, қайта тұру). (Д. Ахметова)<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. (қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балалардың дербес ойындары. Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру. | әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. (қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балалардың дербес ойындары. Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру. | |
| **Серуеннен** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **оралу** | дағдылар, дербес әрекет)<br><br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тіс тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Қане, қаздар, қаздар,<br><br>Суға сүңгіп, шомылыңдар!<br><br>Шомылып-шомылып,<br><br>Жұмсақ шөпке қоныңдар! (Д. Ахметова)<br><br>«Үнемді тұтыну», «Біз ақылды баламыз», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну», табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттірөлдік, үстел үстібаспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br><br>Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуді, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және күрделірек (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілердің мазмұны, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруді, өз ойын айтуды | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br><br>Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуді, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және күрделірек (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілердің мазмұны, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруді, өз ойын айтуды | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br><br>Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуді, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және күрделірек (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілердің мазмұны, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруді, өз ойын айтуды | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br><br>Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуді, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және күрделірек (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілердің мазмұны, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруді, өз ойын айтуды | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br><br>Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуді, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және күрделірек (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілердің мазмұны, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруді, өз ойын айтуды үйрету.<br><br>(коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы ән тыңдау. (музыка) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br><br>(коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br><br>Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбердің бойымен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br><br>Міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, | үйрету.<br><br>(коммуникативті дағдылар,қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br><br>Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойымен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br><br>Міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың | үйрету.<br><br>(коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br><br>Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойымен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br><br>Міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру | үйрету.<br><br>(коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br><br>Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойымен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br><br>Міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру | Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойымен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br><br>Міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпайту) жетілдіру.<br><br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br><br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс ұстауға үйрету. Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.<br>Қомағай қоңыр аю,<br>Нанды шашып жеп отыр.<br>Түсінбедік бір сөзін,<br>Аузы нанға толып тұр.<br>Сөйлемей іш тамақты,<br>Тарсылдатпа табақты. |
| **Күндізгі ұйқы** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату.<br>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.<br>«Әлди-әлди, ақ бөпем» (халық аузынан)<br>Әлди-әлди, ақ бөпем, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ бесікке жат, бөпем!<br>Жылама, бөпем, жылама,<br>Жілік шағып берейін.<br>Байқұтанның құйрығын<br>Жіпке тағып берейін. | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Біртіндеп оянудың жағымды жағдаяттарын ұйымдастыру. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторларды (ауаны) пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас** | "Қолды қалай дұрыс жуу керек».<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-** | Сурет салудан жаттығулар. "Шатырдан тамшылаған су" (саусақ).<br>(сурет салу)<br>Мақсат-міндеттер. Ересектермен бірлескен әрекеттерге | Суреттерді қарастыру. Киімдер<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика)<br>Мақсат-міндеттері. | "Музыкалық суреттер" дамытушы ойын-жаттығуы.<br>(музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Музыкалық | "Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.<br>(сенсорика)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, | Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | қызығушылықты ояту. Ересектер салған суретті толықтыруға үйрету: құбырдан жоғарыдан төмен түскен тамшылар тізбегін саусақ арқылы салу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, жұмысты ұқыпты жасау, майлықты қолдануға үйрету.<br><br>"Кімдікі? Онымен не істейді?" дамытушы ойыны.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Міндеттері. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; зат есім, етістікті қолдануға үйрету. Заттардың кімге қажет екенін анықтау; байланыстырып сөйлеу, еске сақтау қабілетін дамыту. Заттарды және олармен әрекеттерді атауға ынталандыру. | Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөздік қорларын байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру. Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br><br>Жапсырудан жаттығулар. Фланелеграфта шарларды орналастыру.<br><br>(жапсыру)<br><br>Мақсат-міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта геометриялық қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, | иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау<br><br>Құрал-жабдықтары. Сипаты әртүрлі әуен жазбалары, заттық суреттер немесе ойыншықтар.<br><br>"Пирамиданы құраймыз" ойыны.<br><br>(сенсорика)<br><br>Мақсат-міндеттер. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп); "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту; қабылдауды, ойлауды дамыту. | "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту.<br><br>Саусақ ойыны. "Бас бармақ" (Д. Ахметова)<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br><br>Міндеттері. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте | "Шелпек".<br><br>Елге келсең, ер ұлан,<br><br>Қарама сен немкетті.<br><br>Шыққан ана қолынан<br><br>Сүйсініп же шелпекті.<br><br>"Бауырсақ".<br><br>Жеп көрмесең болмайды,<br><br>Үйдің дәмін сағынсақ.<br><br>Қақтырады таңдайды<br><br>Майға піскен бауырсақ.<br><br>Рөлдік ойын «Отбасы».<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері.<br><br>Өз есімі мен жасын, отбасы мүшелерінің аттарын атауға үйрету.<br><br>Балаларды ойын барысында отбасының тұрмыс-тіршілігін шығармашылықпен бейнелеуге ынталандыру; екі кейіпкер қатысатын сюжеттерде (ана — қыз) өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимыл-қозғалыс ойыны: “Менің көңілді добым…”.<br><br>(дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және мәтіннің соңғы сөз айтылған кезде ғана допты қуалау керек.<br><br>Тыныс алу жаттығуы. | ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.<br><br>BilimKids дамытушы мультфильм<br><br>Күн райы<br><br>https://youtu.be/5ddRApcn9h0 | Түрлі-түсті шеңберлерден,<br><br>Пирамида құраймын,<br><br>Ең үстіңгі түсті алып,<br><br>Қайта кілемге шашамын.<br><br>"Қуыршақты тамақтандырамыз" ойыны.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (қуыршақты тамақтандыру) орындауға баулу. Сөз тіркестерін құра білуге (зат есім + етістік) ынталандыру. Балаларды бесік жырларын тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды көрсетумен сүйемелдеу.<br><br>"Дана ботқаны жемейді". | сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br><br>Бас бармақ байтақ,<br><br>Балаң үйрек – көмек,<br><br>Ортан терек – бөлек,<br><br>Шылдыр шүмек – керек,<br><br>Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. | бір-бірімен тіл табысып, өзара келісімде ойнау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Дана ботқаны жемейді,<br>«Тауыса алмаймын», - дейді.<br>Дана, басқалардан қалма,<br>Анаңның мазасын алма.<br>Қане, қасықты ұстайық,<br>Дәмді асты тауысайық.<br>Д. Ахметова | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | "Құстарға жем".<br>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемдерді илеу амалдарын игерту.<br>(мүсіндеу)<br>«Кәмпитті қағазға ораймыз» дамытушы жаттығуы.<br>(сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға ынталандыру; | "Қандай аңға не бересің?" дамытушы ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың аңдар ойыншықтарын атауға, олардың әрқайсысына қандай затты (коректі) беретінін айтуға ынталандыру, дағдыландарыру; әлеуметтік қатынастар негіздерін салу, тілін, эмоциялық құбылыстарды дамыту.<br>Құралдар: аңдар ойыншықтары (резинадан, пластиктен жасалған), жеміс пен | "Күндер".<br>Мақсат-міндеттер. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін, техникалық дағдыларын жетілдіру. Ермексаздан кесектерді үзіп жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын игерту.<br>(мүсіндеу) | "Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы.<br>(музыка)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>1. Сылдырмақ еденде жатыр. Аяқты табанға қою.<br>2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру.<br>3. Қол шапалақтау.<br>4. Екі аяқпен секіру.<br>5. Айналу.<br>6. Сылдырмақты жоғары | "Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру.<br>Балалар ересек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдарды үйлестіруді, қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік координациясын дамыту;<br>берілген нысанға сай нақты әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтар: шағын текшелер, цилиндрлер, шарлар, қағаз. | көкөністердің, өзге ұсақ заттардың нақпішіндері.<br>- Балалар, бізге қандай аңдар келді?<br>- Қандай аңға не бересіңдер?<br>Балалар қоянға - сәбіз, түлкіге - кәмпит, қасқырға - бауырсақ, - тиінге - саңырауқұлақ беретіні туралы айтып жатады.<br>- Қандай аңға не береміз?<br>Дәмді қоректі береміз:<br>Қоянға - сәбізді,<br>Түлкіге кәмпитті,<br>Қасқырға болсын бауырсақ,<br>Тиінге - саңырауқұлақ. | | көтеріп, сылдырлату.<br>7. Сылдырмақпен билеу.<br>Жаттығу соңында әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке салуға шақыру. | - Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.) |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).<br>«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Киінудің реті бар,<br>Колготтар, шұлық, шалбар.<br>Аяқ-киімнің жабысқағын салу,<br>Содан соң бас киім мен күртешені кию.<br>Бауды байлау, сыдырманы салу,<br>Дұрыс киінгенімізді тексеру. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Серуен** | «Қауіпсіздік». Жүк көлігін бақылау.<br>(қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерінің бірі, жүк көлігімен таныстыру; ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру. Бақылауда қауіпсіздік ережелерін бекіту.<br>Гүрілдеп жүремін мен,<br>Бақтан алма әкелем.<br>Қанекей, қақпаны ашыңдар,<br>Аула жолынан қашыңдар. | «Өнегелі тәрбие». Аула сыпырушының қысқы еңбегін бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Үлкендердің еңбегі туралы білімдерін кеңейту, олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Күрекшені аламыз,<br>Жолды қардан тазартамыз.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Шаршамаймыз!<br>- Қыста аула сыпырушыға қандай құралдар қажет? (Сыпырғыш, күрек, қырғыш, шелек.) | «Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен (терекпен) таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша ажыратуға үйрету. Суық мезгілде ағаштардың жапырақсыз болатынын байқату.<br>Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>Көк терек-ау, көк терек,<br>Суықта жаның – шүберек.<br>Қалайша өңің кеткен?<br>Жапырақтарың түскен. | Көліктерді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды. | Желді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарына қызығушылық тудыру. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш пен бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>- Ш-ш-ш - деп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төгілген аулаға<br>Алманы да, картопты да,<br>Еңбек жемісін қадірлеп,<br>Жинайық біз қоймаға. (Д. Ахметова)<br><br>"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br><br>"Тура жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Тура | - Қыста аула сыпырушы қандай жұмыс істейді? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды).<br>- Сыпырушының жұмысы не үшін керек? (Балабақша аумағын таза ұстау үшін).<br><br>"Жүрейік" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай | (Д. Ахметова)<br><br>"Теректен ден биік болып өсейік" қимыл жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Бір орнында тұрып, биіктікке созылып секіру дағдыларын дамыту; балалардың вестибуляр аппаратын дамыту, күш-жигерін ұлғайту.<br>Жаттығудың неғұрлым қызықты өтуі үшін, балаларға қолдарын жоғары созып секіруді ұсыну.<br><br>"Құстар" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, | "Гараждар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Кеңістікті бағдарлауға, зейінді болуға, қимылдарды үлестіруге баулу. Көліктер, жол туралы бастапқы түсініктерді бекіту. біріне-бірі соғылмай қимылдауды қадағалау.<br>Балаларға рульдерді тарату. Бубен аспабын сыңғырлатқан кезде - балалар ары-бері "машина жүргізіп", жүреді, жүгіреді. Аспап тоқтаған кезде - балалар тоқтайды.<br><br>"Тура жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Тура жолмен (ені 20-25 | дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br><br>"Ұшақтар" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br><br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Екі қолмен (құм салынған қапшықты) 0,5-1,5 метр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жолмен (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр), тепе-теңдікті сақтауды жаттықтыру.<br><br>Балалардың дербес ойындары.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың | жүреді.<br><br>«Қауіпсіздік». "Жалауға жүгір" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүгіру) жетілдіру. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балалардың біріне бірі соғылмауын ескеру, қадағалау.<br><br>Балалардың дербес ойындары.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Ойыншықтармен заттық-бағдарлық | мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей, жан-жаққа жүгіруді үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру. | сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр), тепе-теңдікті сақтауды жаттықтыру.<br><br>Балалардың дербес ойындары.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын | арақашықтықтағы нысанаға (төмен) лақтыру.<br><br>Балалардың дербес ойындары.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | назарын аудару. | әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. | Балалардың дербес ойындары.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. | аудару. | |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Кітап бұрышында өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ертегілерді есте жаңғырту.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша | Кітап бұрышында өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ертегілерді есте жаңғырту.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша | Кітап бұрышында өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ертегілерді есте жаңғырту.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша | Кітап бұрышында өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ертегілерді есте жаңғырту.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша | Кітап бұрышында өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ертегілерді есте жаңғырту.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау.<br>(музыка) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы әндер тыңдау.<br>(музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым би қимылдарын орындау. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.<br>Өнер бұрышында шығармашылық жаттығулар.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Мақсат-міндеттер. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын жетілдіру. | туралы әндер тыңдау.<br>(музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым би қимылдарын орындау. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.<br>Өнер бұрышында шығармашылық жаттығулар.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Мақсат-міндеттер. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын жетілдіру. | туралы әндер тыңдау.<br>(музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым би қимылдарын орындау. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.<br>Өнер бұрышында шығармашылық жаттығулар.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Мақсат-міндеттер. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын жетілдіру. | туралы әндер тыңдау.<br>(музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым би қимылдарын орындау. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.<br>Өнер бұрышында шығармашылық жаттығулар.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Мақсат-міндеттер. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын жетілдіру. | Мақсат-міндеттер. Қарапайым би қимылдарын орындау. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.<br>Өнер бұрышында шығармашылық жаттығулар.<br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br>Мақсат-міндеттер. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды бейнелерді фланелеграфта, қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды бейнелерді фланелеграфта, қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға, ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету. | Балаларды бейнелерді фланелеграфта, қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға, ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету. | Балаларды бейнелерді фланелеграфта, қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға, ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету. | Балаларды бейнелерді фланелеграфта, қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға, ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету. | ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | "2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері" | "2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері" | "Сөздік қор дегеніміз не?" | "2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?" | "2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?" |

Әдіскер: Садыкова А.Т

Бекітемін:

«Balym-Ai» ЖШС

бөбекжай балабақшасының

меңгерушісі: Г.Б Төлендиева

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Balym-Ai» бөбекжай балабақшасы

Топ: кіші топ «Балауса»

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар.

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **02.03 - 06.03.2026ж.**

Педагогтің аты-жөні: Анарметова С А

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **«Адамды ұлт моделі деп айтуға болады. Біздің әрқайсымызға қарап бүкіл халыққа баға береді, бұл жалпылама қабылдау феномені. Өз ісіңнің шебері болсаң, халқың да құрметті болады. Міне, барлығына түсінікті патриотизм формуласы осы». Олжас Сүлейменов** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы).<br>«Ананың аялы алақаны» ертеңгіліктері (аптада қабылданған кесте бойынша). | Ана туралы тақпақтарды үйрету маңызы.<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы).<br>"Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті**<br><br>**(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Өсімдіктерге күтім жасау.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, су құйғыш арқылы суаруды көрсету; өздігінен құюды қадағалау, мақтау. Сөздік қорын еңбек әрекетін (жуу, суару, құю) білдіретін етістіктермен байыту.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан | «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. "Асханадағы көмекшілер".<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу: тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қасықтарды табақшаның жанына салуды, майлық салғышты үстел ортасына қоюды үйрету. Кейбір ыдыс-аяқты атауға үйрету.<br><br>"Мозаика" үстел ойыны.<br><br>(сенсорика)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен | «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Ойыншықтарды сөреге тізу (құрылыс материалдарды қорапқа салу).<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.<br><br>Сөредегі ойыншықтар мен құралдарды ретке келтіруге тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. Ойыншықтар мен құралдарды тануға, атауға үйрету.<br><br>"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, | «Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Үлестірмелі материалдарды үстелдерге тарату (немесе жинау).<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ақ (түрлі түсті) парақтарды, төсеніштерді, таратпа заттармен табақшаларды таратуға (жинауға) үйрету. Құралдардың қауіпсіздігін қадағалау.<br><br>"Мозаика" үстел ойыны.<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. | Ұлттық сезім күні<br><br>«Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, (аспидистра, фикус) үлкен жапырақтардың шаңын сүрту.<br><br>"Күнге не ұқсайды?" дидактикалық ойыны.<br><br>(сенсорика, сурет салу, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Республикасының әнұранын тыңдату.<br><br>(музыка, қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға үйрету<br><br>Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Әже".<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, әженің суретіне қарап, тақпақты мұқият тыңдап, педагогтің соңынан ілесіп, таныс сөздерді қайталауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>Құралдар: әженің суреті.<br><br>Педагог әженің суретін балаларға көрсетіп, оған тақпақты айтып | қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br><br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br><br>Суреттерді қарастыру. Киімдер<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Мақсат-міндеттері. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. | суретпен танысу.<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br><br>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын аулаға (күн жылы болып, қар еріп жатса) немесе көктем мезгілі салынған пейзаж суретіне аударады.<br><br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br><br>- Туды көктем!<br><br>Шулы көктем<br><br>Кең даланы оятты.<br><br>Күн қызуын құйды көктен,<br><br>Сең бұзылды, су ақты. | Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br><br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br><br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады. | күн, оның пішіні, түсі жайлы білімдерін бекіту, есте сақтауларын, логикалық ойлауларын дамыту.<br><br>«Күннің суретін сал» дидактикалық жаттығу.<br><br>Кір қысқыштармен дамытушы жаттығуы. «Күн»<br><br>(сенсорика)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға ынталандыру; қимылдарды үйлестіруді, қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік координациясын дамыту; берілген нысанға сай нақты әрекеттерді орындауға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беруге ұсынады.<br>"Әже".<br>Әжем менің әлі де,<br>Ұқсамайды кәріге.<br>Шай қайнатып береді,<br>Біздің үйдің бәріне.<br>Н. Исахметов | | Ш. Мәмбетов | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі, музыка) | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі, музыка) | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі, музыка) | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі, музыка) | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі, музыка) |
| **Таңғы ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)<br>Мақсат-міндеттері. Жуу алгоритмін бекіту. Ересектің бақылауымен бетін, қолын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды жуғызу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | "Күй күмбірі": "Аққу - Нұрғиса Тіленді (орындаған Ерболат Мустафаев) https://kitap.kz/music/2/erbolat-mustafaevtyng-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Еңбек және мамандықтар. Тақырыбы: "Барлық мамандықтар маңызды". Міндеттері: балаларды мамандықтар иелерімен таныстыру; мамандықтар иелерінің суреттерін қарастыру; балалардың адамның еңбегіне қызығушылықты қалыптастыру; сюжетті ойындарды ұйымдастыру. | | | | |
| | Таңғы сәлемдесу.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту жіне көркем | Саусақ жаттығуы. "Тамшылар".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) | Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) | "Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы (орыс тілінен аударма) | Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Әже".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету.<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Балалардың сөздік қорын көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу) білдіретін етістіктермен байыту.<br><br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!<br><br>Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br><br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br><br>Көп жұмыс бітірейік, | Мақсат-міндеттер. Балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br><br>Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау)<br><br>Таратып мың шуақты.<br><br>Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып, жұму, толқындар жасау)<br><br>Ағызып мың бұлақты.<br><br>Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау)<br><br>"Там-там-там" – деп соғады,<br><br>Шатырдан жерге түсіп, | Мақсат-міндеттер. Балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br><br>Ала қанат сауысқан<br><br>Пісірді де көжені,<br><br>Тағаттарын тауысқан<br><br>Тойғызды көп шөжені.<br><br>Анаған берді,<br><br>Анаған берді,<br><br>Анаған берді,<br><br>Анаған берді,<br><br>Ал мынаған бермеді.<br><br>- Суға барған жоқсың сен,<br><br>Отын жарған жоқсың сен.<br><br>Көзін сапта көжеге,<br><br>Дым жоқ сендей шөжеге! | (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br><br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су".<br><br>Мөлдір су, мөлдір су!<br><br>Сен менің бетім жу.<br><br>Отты көзім ойнасын,<br><br>Екі бетім жайнасын.<br><br>Күлкі кетпей ернімнен,<br><br>Тісім тастан таймасын! | Мақсат-міндеттер. Балаларды, әженің суретіне қарап, тақпақты мұқият тыңдап, педагогтің соңынан ілесіп, таныс сөздерді қайталауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>Құралдар: әженің суреті.<br><br>Педагог әженің суретін балаларға көрсетіп, оған тақпақты айтып беруге ұсынады.<br><br>"Әже".<br><br>Әжем менің әлі де,<br><br>Ұқсамайды кәріге.<br><br>Шай қайнатып береді,<br><br>Біздің үйдің бәріне.<br><br>Н. Исахметов |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А. | Шалшық бетін қағады.<br>Д. Ахметова | Х. Ерғалиев | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі<br>"Бұлақ көрсең, көзін аш".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеуге үйрету; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру; еңбектеу техникасының тәсілдерін меңгерту. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру. | Музыка<br>"Таза бұлақ".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, дұрыс айта білуге үйрету; би ырғақтарын музыка әуеніне сай сай жасау қабілетін қалыптастыру; топпен жұмыс жасау дағдыларына тәрбиелеу. | Дене тәрбиесі<br>"Құстармен шалшықтан аттаймыз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; гимнастикалық шеңберлермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасату. Балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру. | Дене тәрбиесі<br>"Бал бұлақ ".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін дамыту; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; жаттығу кезінде епті болуға тәрбиелеу. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.<br><br>(сенсорика)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br><br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br><br>Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды. | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br><br>"Қоянның үйшігі".<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қоянның үйшігі" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауап беруге талпындыру; шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің мінездері мен әрекеттері желісін бақылату. Балалардың тілін, танымын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. | Сурет салудан ойын-жаттығулар<br><br>"Бұлақтар".<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетін бақылап, жоғарғы жақтағы ағаштардың көлеңкелерінен төмен, қағаз ортасынан бастап, төменгі жағын солдан оңға қарай жатқан иректерге, "бұлақтарға" толтыруға үйрету; қылқаламды бояуға малып, сол жақтағы нүктелердің біріне қойып, ұшымен иректеп, оң жақ шетке жеткізуге дағдыландыру; келесі иректерді, "бұлақтарды" біріншінің астына параллель салуға жаттықтыру; қылқалам түгін бояуға қайта малуға және жұмыстан кейін тіреушеге қою қабілетіне баулу; қардың көктемде еру қасиеті туралы түсініктер беру. | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br><br>"Бұлақ".<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды табиғат құбылысын бақылау негіздеріне үйрету; аққан бұлақтың қозғалу ерекшеліктерін байқап, еріген қардан пайда болатын су туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың жағымды эмоцияларға бөленулеріне жағдай жасау. | "Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.<br><br>(сенсорика)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). Сөздік қорды киім, аяққиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту. | | | | |
| **Серуен** | Бұлттарды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: бұлт, жел. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. Заттардың түсін, көлемін білдіретін сын | Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) бақылауға баулу. Оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға (Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету. Қауіпсіздік: құстарға жақындамауды | Ауладағы құстарды бақылау. Торғай.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) бақылауға баулу. Оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге үйрету. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға (Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету. Қауіпсіздік: құстарға жақындамауды ескерту.<br>Торғай-торғай, торғайсың<br>Жақын келіп, | «Экологиялық тәрбие». Ағаштарды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Маусымға тән табиғат құбылыстарын (көктемде ағаштардың бүршік атқаны) бақылау. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға (Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады | Желді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел. Балаларды, бұтақтарға, жалауларға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға (Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету. Байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>"Көктем тойын бастады".<br>Төнді балқып күн қызып,<br>Жылу алды көктен жер<br>Қардың астын су бұзып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есімдермен байыту. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға (Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. | ескерту.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>Құстар ән шырқайды,<br>Көктемнің келуін тойлайды.<br>Көз көзіне жылынып,<br>Қанат қағып, көкке самғайды. (Д. Ахметова)<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары: құстарға жемшашарға жем шашу.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне | қонбайсың?<br>Жем шашайын, тойып ал<br>Торғай, онда тоңбайсың.<br>Торғайдың сыртқы ерекшеліктеріне, қимылдарына көңіл аудару.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды тазалау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Балаларды педагогтің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру. Қауіпсіз әрекет етуді қадағалау. Жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Жалауға жүгір" қимылды ойыны. | қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, шайқалып.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қауіпсіз әрекет етуді қадағалау.<br>"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен | Есті жылы өкпек жел.<br>М. Жаманбалинов<br>«Өнегелі тәрбие»». Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары: самалжайды жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қауіпсіз әрекет етуді қадағалау. Жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар".<br><br>"Аю, тұр, ояншы!" қимылды ойыны.<br><br>(дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды топтасып бір бағытта, сигнал бойынша қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіре білу қабілеттеріне үйрету; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br><br>- Балалар, күн жылынды, ал апандағы аюымыз әлі ұйықтап жатыр екен.<br><br>- Қанекей, барлығымыз бірге барып, аюды оятайықшы.<br><br>- Аю оянып кетсе, қолға ұсталып қалмаңдар, қашуға тура келеді. | қызығушылық тудыру. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.<br><br>"Құстар" қимылды ойыны.<br><br>(дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды | (дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Берілген бағытта, белгі бойынша жүгіруге үйрету. Жүгіруде қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>Құралдар. Түстері қызыл, көк, сары, жысыл жалаулар.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қазан» қазақ халқының ұлттық ойыны.<br><br>(дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға, ойын ережесін сақтауға, бірлесіп ойын ойнауды, 1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік. Педагог | бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды белгілі бағытта сигнал шыққан бағытта жүгіруге жаттықтыру. Кеңістікті бағдарлауға баулу. Жүгіруде қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>Педагог балалардан алшақ тұрады, балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br><br>- Қоңырауым қайда?<br><br>Сыңғырлайды сайда.<br><br>Кім адапсай тауып алады,<br><br>Қоңырауды қолға алады.<br><br>Қоңыраудың сыңғырлаған дыбысына қарай балалар жүгіреді.<br><br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br><br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. | және секіру дағдыларын жетілдіру.<br><br>- Балапандар, балпаңдаңдар!<br><br>Басқа балапандардан қалмаңдар!<br><br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:<br><br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br><br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br><br>Ал күшігім жүгіреді,<br><br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.<br><br>- Сен, күшігім, соқтықпа!<br><br>Үйректерді қорқытпа!<br><br>Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі ойнайды. Балалар жан-жаққа қашады. Ең соңындағы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қазан» қазақ халқының ұлттық ойыны.<br><br>(дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға, ойын ережесін сақтауға, бірлесіп ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Аю, тұр, ояншы!<br>Қандай ұйқыжансың!<br>Аспанға қарайық,<br>Құстарды тыңдайық.<br>Педагог аюдың кейіпкерін өзі сомдап, немесе ойыншық аюды отырғызып қоя алады.<br>Балалардың жүгірудегі қауіпсіздігін қадағалайды. | ұсынады:<br>- Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова | нысананы лақтыру бағытында ешкімнің болмағанын қамтамасыз етеді, қауіпсіздікті қадағалайды. | «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Тура, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жолдың бойымен жүруді және алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруді жетілдіру. Бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. | ойнауды, 1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік. Педагог нысананы лақтыру бағытында ешкімнің болмағанын қамтамасыз етеді, қауіпсіздікті қадағалайды. |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. Сөздік қорды киім, аяққиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту. | | | | |
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс ұстауға үйрету. Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату.<br>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.<br>"Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті).<br>"Әлди - әлди" әні.<br>Көзімнің ағы-қарасы,<br>Жүрегімнің парасы,<br>Уайым-қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің сапасы.<br>Айналайын, шырағым!<br>Көлге біткен құрағым!<br>Маңдайдағы құндызым,<br>Аспандағы жұлдызым. |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Біртіндеп оянудың жағымды жағдаяттарын ұйымдастыру. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторларды (ауаны) пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте арқамен жатып, қолын жанына созады, демдерін еркін шығарады.<br>2. Балалар төсекте арқамен жатып, қолды екі жаққа созады, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастырады, демалады.<br>3. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын бастарына қойып, кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтереді, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіреді.<br>4. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын жанына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебеді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төсектен тұрғызу. | | | | |
| **Бесін ас** | "Қолды қалай дұрыс жуу керек».<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз".<br>(музыка, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту. - Жаттығу жасап көреміз, (адымдау) Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею) Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау) | "Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Балаларды өзін-өзі күту, беті-қолды жуу әдебіне үйрету; педагогтің соңынан көркемсөзді қайталап, жағымды әсерге бөленуге баулу.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су". | "Мен Бауырсақпын" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, есте сақтау, тақпақты айта отырып, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін дамыту; "Бауырсақ" кейіпкерінің сөздерін пысықтау.<br>Бауырсақтың "Бауырсақ" ертегісі кейіпкерлерінің жеке суреттерін немесе ойыншықтарын қолдануға болады.<br>- Мен Бауырсақпын, Бауырсақ,<br>Қып-қызыл болып | Музыкадан ойын-жаттығулар.<br>"Бұлақ сылдыры".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; би ырғақтарын музыка әуеніне сай жасауға дағдыландару.<br>"Пирамиданы құраймыз" ойыны.<br>(сенсорика)<br>Мақсат-міндеттер. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті | Суреттерді қарастыру. Киімдер<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Балалардың сөздік қорын киімді білдіретін зат есімдермен байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру.<br>"Бір және көп ойыншықтар" ойын-жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды зат есімдердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (шапалақтау)<br><br>"Не қандай?" ойын-жаттығуы.<br><br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын ойыншық заттарын білдіретін зат есімдермен байыту; сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім) үйрету. Ойыншықтар әлеміне қызығушылықты арттыру. | Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | піскен.<br>Қоймадан сыпырылған,<br>Бұрыштардан жиналған,<br>Қаймаққа аунатылған,<br>Ыстықтан суытылған.<br>(Әуеннің сөзсіз орындалуы)<br>– Ол атадан қашып кеткен,<br>Ол әжеден қашып кеткен,<br>Ол қояннан қашып кеткен,<br>Ол қасқырдан қашып кеткен.<br>– Ал, сенен, маймақ аю,<br>Қашып кету қиын емес. | заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп); "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту; қабылдауды, ойлауды дамыту.<br>Түрлі-түсті шеңберлерден,<br>Пирамида құраймын,<br>Ең үстіңгі түсті алып,<br>Қайта кілемге шашамын. | көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.<br>Құралдар. Түсі, пішіні, көлемі, саны әртүрлі ойыншықтар.<br>Жауаптың мысалы.<br>Бір доп – көп доптар.<br>Бір дөңгелек доп – көп дөңгелек доптар.<br>Бір қызыл доп – көп жасыл доптар.<br>Бір үлкен доп – көп кішкентай доптар. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді | "Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа | "Айналайын анашым" тақпағын мәнерлеп оқу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға | Өлең жаттау, қайталау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді | Өлең жаттау, қайталау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>«Киіз үй».<br>Кел, балалар, тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық. (шеңбер бойымен қол ұстасып тұрады)<br>Шаңырақты көтеріп,<br>Керегені құрайық. (қол ұстасып оларды көтереді)<br>Уықтай иіліп,<br>Шаңыраққа қосылып. (бір тізеге отырып, қолдарын шеңбердің ортасына қосады)<br>Киіз үйді құрайық. | тәрбиелеу.<br>(сенсорика) | үйрету. Оқып беруді суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Айналайын анашым,<br>Әлпештеген мамашым,<br>Еміп өскен бөбекпіз,<br>Маматайдың мамасын.<br>Ай қабақты анашым,<br>Күн сәулесі мамашым,<br>Ақ сүтіңмен суардың<br>Бөбегіңнің санасын.<br>М. Хәкімжанова | суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Құстар, құстар келеді,<br>Даланы жырға бөледі.<br>Көктем келді деп бізге,<br>Жылы хабар әкелді. | суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Құстар қанат қағады.<br>Құстар ұшып барады,<br>Көкте қанат қағады.<br>Барлық құстар қосылып,<br>Шиқ-шиқ-деп, ән салады. |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапсырғыштар, жүгіртпелер). | | | | |
| **Серуен** | «Өнегелі тәрбие». Аула тазалаушының еңбегін бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру. Аула тазалаушының әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару: күрек пен сыпырғышты қолдану. тазалау ісін байқату. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.<br>Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы".<br>- Таныссың ба, бала, менің ісіммен,<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз<br>Сыпырғышым | Ауладағы құстарды бақылау. Көгершін.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) бақылауға баулу. Оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге үйрету. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға (Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету. Қауіпсіздік: құстарға жақындамауды ескерту.<br>Фариза Оңғарсынова<br>"Көгершіндерім"<br>Көгершіндер, көгершіндер көп менде,<br>келеді олар сағындырып көктемде.<br>Көк жүзінде қалықтайды | «Қауіпсіздік». Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. Сауысқан<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, сауысқан, көгершін, қарға) бақылауды, оларды "құстар" деп атауға, негізгі дене бөліктерін байқауға үйрету; құстардың қимылдары ерекшеліктерін еліктеуге ынталандыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. (тіл дамыту және көркем әдебиет қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі, музыка)<br>Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру.<br>Балалардың ұшқан құстарға аудару. | «Қауіпсіздік». Көліктерді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері туралы білімдерін қалыптастыру. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелері, көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерін бекіту. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету.<br>Көшеге жолдар төселген,<br>Ұзын жолдар және кең.<br>Жолдар үстімен түп-түзу<br>Көліктертер жүреді зу-у.., зу-у... . (Д. Ахметова)<br>Балаларға автобустың, жеңіл көліктің | «Экологиялық тәрбие». Қарағашты бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен (қарағашпен) таныстыруды жалғастыру. Сыртқы белгілері бойынша ажыратуға үйрету. Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>Қарағаштың діңдегі<br>Әжемнің әжіміндей,<br>Қарағаштың тамыры<br>Тарайды өрімдей.<br>Суық пен ыстыққа қарағашым-ай төзеді,<br>Бұтақтарын жан-жаққа жайып өседі. (Д. Ахметова)<br>"Аталған ағашқа қарай жүгір" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектермен бірге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сыпырады тынымсыз.<br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. 1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру дағдыларын жетілдіру. Ептілікке, дәлдікке баулу. Қауіпсіздікті қадағалау.<br>Балалардың дербес ойындары.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Ойыншықтармен заттық-бағдарлық | қуанып,<br>самал желпіп, күннің нұры өпкенде.<br>Көгершіннің сыртқы ерекшеліктеріне, қимылдарына көңіл аудару.<br>Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>- Балапандар, балпаңдаңдар!<br>Басқа балапандардан қалмаңдар!<br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз: | Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқаңдатқан сауысқан.<br>"Құстар" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға, ойын ережесін сақтауға ынталандыру. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың | дөңгелектері, моторы, рулі бар екенідігін түсіндіру. Олардан көліктерді кім жүргізетінін, кімді тасымалдайтынын сұрау.<br>"Гараждар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Кеңістікті бағдарлауға, зейінді болуға, қимылдарды үлестіруге баулу. Көліктер, жол туралы бастапқы түсініктерді бекіту. біріне-бірі соғылмай қимылдауды қадағалау.<br>Балаларға рульдерді тарату. Бубен аспабын сыңғырлатқан кезде - балалар ары-бері "машина жүргізіп", жүреді, жүгіреді. Аспап тоқтаған кезде - балалар тоқтайды. | қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Берілген бағытта, белгі бойынша жүгіруге үйрету. Жүгіруде қауіпсіздікті қадағалау.<br>Құралдар. Терек, аққайың, шырша ағаштарының суреттері (немесе басқа таныс ағаштар) салынған белгі таяқшалары.<br>"Әткеншек" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Әртүрлі бағытта шеңбер бойымен, бір-бірінің қолдарынан ұстап, жүруге, белгі бойынша тоқтап, жүруге баулуды жалғастыру. Қимылдарды үйлесімді (тақпақ сөздеріне сай) орындауға баулу. Негізгі қимылдарды (жүруді) жетілдіру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. | Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br><br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br><br>Ал күшігім жүгіреді,<br><br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.<br><br>- Сен, күшігім, соқтықпа!<br><br>Үйректерді қорқытпа!<br><br>Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі ойнайды. Балалар жан-жаққа қашады. Ең соңындағы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады. | ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br><br>- Құстар, құстар, келіңдер,<br><br>Жемді шоқып, теріңдер.<br><br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br><br>Әнді салып беріңдер.<br><br>Д. Ахметова<br><br>Педагог балалар біраз отырып, демалып алғаннан кейін, оларға қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. | «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы.<br><br>(дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Тура, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жолдың бойымен жүруді және алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруді жетілдіру. Бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. | Балалардың дербес ойындары.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру.<br><br>Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Кітап бұрышында өткен тақырыптар бойынша суреттерді | Кітап бұрышында өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, | Кітап бұрышында өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, | Кітап бұрышында өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, | Кітап бұрышында өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | қарастыру, ертегілерді есте жаңғырту.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау.<br>(музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым би қимылдарын орындау. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын | ертегілерді есте жаңғырту.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау.<br>(музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым би қимылдарын орындау. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, | ертегілерді есте жаңғырту.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау.<br>(музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым би қимылдарын орындау. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, | ертегілерді есте жаңғырту.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау.<br>(музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым би қимылдарын орындау. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, | ертегілерді есте жаңғырту.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау.<br>(музыка)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым би қимылдарын орындау. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, орындау дағдысын дамыту.<br>Өнер бұрышында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойындарда көрсету.<br>Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық жаттығулар.<br><br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.<br><br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын жетілдіру.<br><br>Балаларды бейнелерді фланелеграфта, қағаз бетіне қойып, | маракаспен) орындау дағдысын дамыту.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық жаттығулар.<br><br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.<br><br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын жетілдіру.<br><br>Балаларды бейнелерді фланелеграфта, қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға, ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету.<br><br>Құрылыс материалдармен | маракаспен) орындау дағдысын дамыту.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық жаттығулар.<br><br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.<br><br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын жетілдіру.<br><br>Балаларды бейнелерді фланелеграфта, қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға, ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету.<br><br>Құрылыс материалдармен | маракаспен) орындау дағдысын дамыту.<br><br>Өнер бұрышында шығармашылық жаттығулар.<br><br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.<br><br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын жетілдіру.<br><br>Балаларды бейнелерді фланелеграфта, қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға, ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету.<br><br>Құрылыс материалдармен | шығармашылық жаттығулар.<br><br>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.<br><br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын жетілдіру.<br><br>Балаларды бейнелерді фланелеграфта, қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға, ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету.<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар<br><br>(құрастыру)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға, ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету. | ойындар<br>(құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну. | ойындар<br>(құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну. | ойындар<br>(құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну. | дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | "Ана туралы тақпақтар"<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | "Ана туралы тақпақтар"<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату"<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?"<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). |

Әдіскер: Садыкова А.Т

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Balym-Ai» бөбекжай балабақшасы

Топ: кіші топ «Балауса»

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар.

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **10.03 - 13.03.2026ж.**

Педагогтің аты-жөні: **Анарметова С**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **«Өз ана тілінде сөйлеп, өзінің төл әдебиетін сақтаған халықтың ғана еркін өмір сүруге құқы болатынын әрдайым естен шығармау керек …» Ахмет Байтұрсынов** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату"<br><br>Үлкендердің еңбегімен танысу үшін ұйымдастырылған іс-шаралар (ас әзірлеушімен, аула тазалаушымен, көмекшімен кездесу) (апта бойы келісілген жоспар бойынша). | "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату".<br><br>Үлкендердің еңбегімен танысу үшін ұйымдастырылған іс-шаралар (ас әзірлеушімен, аула тазалаушымен, көмекшімен кездесу) (апта бойы келісілген жоспар бойынша). | "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?"<br><br>Үлкендердің еңбегімен танысу үшін ұйымдастырылған іс-шаралар (ас әзірлеушімен, аула тазалаушымен, көмекшімен кездесу) (апта бойы келісілген жоспар бойынша). | "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату".<br><br>"Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті**<br><br>**(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | | «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Ойыншықтарды сөреге тізу (құрылыс материалдарды қорапқа салу).<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.<br><br>Сөредегі ойыншықтар мен құралдарды ретке келтіруге тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. Ойыншықтар мен құралдарды тануға, атауға үйрету.<br><br>Ойын-имитация. "Әлди, әлди!" | «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Өсімдіктерге күтім жасау.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, су құйғыш арқылы суаруды көрсету; өздігінен құюды қадағалау, мақтау. Сөздік қорын еңбек әрекетін (жуу, суару, құю) білдіретін етістіктермен байыту.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан)<br><br>(тіл дамыту және көркем | «Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Үлестірмелі материалдарды үстелдерге тарату (немесе жинау).<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ақ (түрлі түсті) парақтарды, төсеніштерді, таратпа заттармен табақшаларды таратуға (жинауға) үйрету. Құралдардың қауіпсіздігін қадағалау.<br><br>"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. | Ұлттық сезім күні<br><br>«Өнегелі тәрбие»<br><br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. "Асханадағы көмекшілер".<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу: тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қасықтарды табақшаның жанына салуды, майлық салғышты үстел ортасына қоюды үйрету. Кейбір ыдыс-аяқты атауға үйрету.<br><br>"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.<br><br>(тіл дамыту мен көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br><br>Құралдар: қуыршақтар немесе балаларға ұнамды кейіпкер ойыншықтар.<br><br>Педагог балаларға ойыншықтарын қолға алып, еркін тербету қимылдарын жасауға мүмкіндік береді. Содан соң педагог тақпақты мәнерлеп айта тұрып, балаларды бірге қосылуға тартады.<br><br>- Әлди, әлди!<br><br>Әлди, әлди, бөпешім,<br><br>Ән сап берем, келе ғой.<br><br>Жыламашы, көкешім,<br><br>Жұбатқанға көне ғой. | әдебиет, дене тәрбиесі)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br><br>Педагог алақанын ашып, қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді.<br><br>Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тақпақты жатқа айтуға тырысады.<br><br>"Бесік жыры".<br><br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br><br>Ақ бесікке жат, бөпем.<br><br>Жілік шағып берейін,<br><br>Майын жесең, тоясың,<br><br>Жылауыңды қоясың. | (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, денсаулықты сақтау қағидаларына тәрбиелеу, қолдарды таза ұстауға баулу.<br><br>Педагог балаларға шелпектердің жасанды пішіндерін табақшаға салып қойып, көрсетуі мүмкін.<br><br>- Балалар, қараңдаршы.<br><br>- Біреу табақшаға бізге сыйлар әкеліп қойған сияқты. Бұл не?<br><br>- Иә, шелпектер.<br><br>- Шелпекті жеу алдында біз не істейміз?<br><br>- Дұрыс, қолды жуамыз.<br><br>- Балалар, ал Әли қолын әлі де жумапты.<br><br>- Әлиге тақпақты айтып берейікші.<br><br>Әли жеңіске жетпек,<br><br>Тәртіпті емес, тентек.<br><br>Жуылмаған қолында,<br><br>Ай-ай-ай, майлы | Балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br><br>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын аулаға (күн жылы болып, қар еріп жатса) немесе көктем мезгілі салынған пейзаж суретіне аударады.<br><br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br><br>- Туды көктем!<br><br>Шулы көктем<br><br>Кең даланы оятты.<br><br>Күн қызуын құйды көктен,<br><br>Сең бұзылды, су ақты.<br><br>Ш. Мәмбетов<br><br>"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.<br><br>(сенсорика)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>С. Әлімқұлов<br><br>«Кәмпитті қағазға ораймыз» дамытушы жаттығуы.<br>(сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға ынталандыру;<br>қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік координациясын дамыту;<br>берілген нысанға сай нақты әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтар: шағын текшелер, цилиндрлер, шарлар, | Суреттерді қарастыру. Ыдыстар<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Балалардың сөздік қорын ыдыс заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру. Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға ынталандыру. | шелпек.<br>Тақпақты қимылдармен сүйемелдеуге болады.<br><br>"Кімдікі? Онымен не істейді?" дамытушы ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттері. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; зат есім, етістікті қолдануға үйрету. Заттардың кімге қажет екенін анықтау; байланыстырып сөйлеу, еске сақтау қабілетін дамыту. Заттарды және олармен әрекеттерді атауға ынталандыру. | бұлшық еттерін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қағаз. | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | | Жалпы дамытушы жаттығулар. | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі, музыка) | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі, музыка) | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі, музыка |
| **Таңғы ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)<br>Мақсат-міндеттері. Жуу алгоритмін бекіту. Ересектің бақылауымен бетін, қолын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды жуғызу.<br>Көркем сөз<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарханға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | "Күй күмбірі": "Қара жорға" - Жолды (орындаған Мүсілім Амзе) https://kitap.kz/music/2/kokbalak-musilim-amzening-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Қарым-қатынас өнері. Тақырыбы: "Дос болу және қарым-қатынас жасау деген не?" Мақсаты: балалардың топтас балаларға жағымды көзқарасты қалыптастыру, көркем шығармаларды оқу арқылы достыққа тәрбиелеу. | | | | |
| | | **«Ғажайып дорба» ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен** | Қуаныш шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, | Қуаныш шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, | (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **таныстыру)**<br>**Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяққиім, ыдыс, жиһаз, көкөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) орындау.** | музыка)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға, педагогтің көмегімен өлеңді қайталауға ынталандыру.<br>Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүрмін.<br>Қатар тұрар шеңберде,<br>Досым көбін білемін. | музыка)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға, педагогтің көмегімен өлеңді қайталауға ынталандыру.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түю не керек?<br>Көңілді боп жүрейік! | көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу) білдіретін етістіктермен байыту.<br>- Құтты болсын Наурыз!<br>Қуанамыз бәріміз!<br>Наурыз көктеммен келді,<br>Бәрекелді! |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **Музыка**<br>**"Наурыз – жыл басы".**<br>**Мақсат-міндеттер. Балаларды музыканың** | **Дене тәрбиесі**<br>**"Арқан тарту".**<br>**Мақсат-міндеттер. Балаларды еденге** | **Дене тәрбиесі**<br>**"Түзу арқан".**<br>**Мақсат-міндеттер. Балаларды** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып,әуенмен орындай білуге үйрету; хорда өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.** | **қойылған арқан бойымен түзу жүруге үйрету; арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүруге дағдыландыру; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүрудің тәсілдерін меңгерту. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру.** | **қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдап, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру және арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге, арқаннан шықпай жүру іскерліктерін бекіту. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру.** | |
| | | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.**<br>**"Қуыршақ Дананы Наурыз мерекесінің дастарханына шақырайық".**<br>**Мақсат-міндеттер.** | Жапсырудан ойын-жаттығулар.<br>"Алаша".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең жатқан қағаздың үстіне солдан оңға қарай жіңішке таяқшаларды | **Сенсорикадан ойын-жаттығулар**<br>**"Әдемі кілем".**<br>**Мақсат-міндеттер. Балаларды салт-дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып,** | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.**<br>**"Шәйнек".**<br>**Мақсат-міндеттер. Балаларды үй шаруашылығында қолданылатын затты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
